

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Алмасова Ә., студент

Ғылыми жетекші: Машанова С.М., п.ғ.к., қауымдастырылған профессор

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: ademay.001@mail.ru

Мақалада қазақ және ағылшын мақал-мәтелдерінің этнолингвистикалық ерекшеліктері салыстырмалы түрде қарастырылған.

Тірек сөздер: *этнолингвистика, мақал –мәтел, салыстыру, уәждер, ерекшеліктері, аудару, салт-дәстүр.*

В статье рассматриваются этнолингвистические особенности пословиц и поговорок казахского и английского языков в сопоставительном плане.

Ключевые слова: *этнолингвистика, пословицы и поговорки, сопоставление, мотивы, перевод, традиции и обычаи, особенности.*

The article considers ethnolinguistic features of proverbs and sayings of Kazakh and English languages in a comparative plan.

Key words: *ethnolinguistics, proverbs and sayings, stages of research, motives, translation, traditions and customs.*

Дүниежүзіндегі ғылымдармен, оның ішінде, тіл білімі салаларымен салыстыра алғанда, этнолингвистика — теориялық, әдістемелік тұрғыдан әлі де болса нақты қалыптаса қоймаған, анықталған тұстарынан гөрі, күңгірт жағы басымдау түсетін ғылыми бағыттардың бірі. Зерттеу нысаны ортақ, яғни "тіл мен мәдениет", олардың өзара байланысы, бір-біріне ықпалы болып табылатын, зерттеудегі әдіс-тәсілдері, теориялық қағидалары мен негіздері көп жағдайда ұқсас болып келетін этнолингвистика мен лингвомәдениеттану салаларының ара-жігі әлі де болса айқын ажыратылмауы, дәлелден гөрі болжамның көбірек айтылуының өзі осы пікіріміздің айғағы іспеттес.

Этнолингвистиканың пәні, зерттеу нысаны, мақсат-міндеттері тәрізді мәселелер отандық және шетел ғалымдарын ойландырып келгені белгілі. Олар тарапынан берілген сипаттамалар кейде бір-бірімен ұштасып, бірін-бірі толықтырып отырса, кей тұста ауқымын, қолданыс аясын тартылып, екіұшты пікір қалыптастыратындығын да жоққа шығаруға болмайды. Енді солардың бір-екеуіне тоқталып өтейік.

Британ энциклопедиясында берілген анықтама:

"Ethnolinguistics, that part of anthropological linguistics concerned with the study of the interrelation between a language and the cultural behavior of those who speak it" [1,209б.].

Қазақшасы: Этнолингвистика — тілмен сол тілде сөйлейтін халықтың мәдениеті арасындағы арақатынасты зерттейтін антропологиялық тіл білімінің саласы [2,208б.].

Этнолингвистика — гректің *ethnos* (халық,тайпа) және лингвистика деген ұғымдарынан туындайтын, тілді оның мәдениетке қатысы тұрғысынан зерделейтін әрі лингвистикалық, этномәдени және этнопсихологиялық факторлардың біте қайнаса келіп, тілдің қызметі мен дамуына тигізетін әсерін зерттейтін тіл білімінің саласы. Кең мағынада этнолингвистика — мәдениеттің, психологиясының және мифологияның қарқын лингвистикалық әдістердің көмегімен зерттейтін күрделі ғылыми арна.

Қазақ этнолингвистикасын дербес пән ретінде қалыптастырып, бағыт-бағдарын айқындау, одан әрі дамыту жұмыстары академик Ә.Қайдардың есімімен тығыз байланысты. Оның қазақ тіл біліміндегі жас әрі жаңа сала екенін айта келіп, мақсаты мен нысаны

жөнінде: "Бұл ғылым саласының кереметтігі де, бүгінгі тандағы ғылыми-практикалық маңызы да — оның монолиттік тұтастығында, бір-біріне етене жақын, тіпті бірінсіз бірін толық түсінуге болмайтын нысан екендігінде. Ол нысан — этнос және оның тілі. Өйткені тілсіз — этнос, этноссыз — тіл өмір сүре алмайды. Этнос пен оның тілін этнолингвистика тұрғысынан қарастыру деген сөз оның сол бала кезеңінен есейгенге дейінгі болмысы мен өмір тіршілігін, дүние тануы мен мәдени, рухани байлығын ана тілінде сақталған фактілер мен деректер негізінде зерттеп білу және оларды бүгінгі таңның игілігіне асыру болып табылады," — дейді. [3, 208б.]. Тілдік бірліктерде көрініс тапқан материалдық және рухани мәдениет мәселелері, сондай-ақ, М.М. Копыленко, Е.Жанпейісов, Н.Уәлиев, Ә.Ахметов, Ж.Манкеева, С.Сәтенова, С.Смағұлова, Ғабитханұлы т.б. қарастырылған.

Этнолингвистика саласының қазақ және ағылшын тіл білімінде қалыптасуына, зерттелуіне салғастырмалы шолу жасай отырып, оның, әсіресе, отандық тіл білімінде кеңірек ауқымда қарастырылып, ұлттық материалдық және рухани мәдениетке байланысты бірқатар мәселелердің басы ашылғаны айқындалды. Этнолингвистикалық уәжі халықтың тұрмыс-тіршілігі, менталитеті, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрімен тығыз байланысты тұрақты тіркестердің түп-төркінін айқындау - әр басқа ұлттар мен әртіптес тілдер жөнінде мол мағлұмат алуға, танымдық көзқарасты қалыптастыруға, септігін тигізетін сөзсіз [4, 237б.].

Адамға қатысты ММ-дің этнолингвистикалық уәжі.

Қос тілде де осы тақырып аясына жататын тіркестердің саны жағынан көптігі байқалады. Мұның сыры адамның қоғамдағы шешуші күш екендігінде жатса керек. Ағылшын тілінде халық арасында жиі қолданылатын *"Manners make the man"*, (с.с.а.: Адамды адам ететін оның әдептілігі) тұлғасы ықшам, алайда мәні зор тілдік орам, орта ғасырда орын алған қағида, дәстүрлерге, заман талабына байланысты қалыптасқан. Әсіресе, XIV ғасырда Англия да мәдениеттіліктің негізгі шарттарына, өзін-өзі ұстау ережелеріне баса назар аударылып, мүлтіксіз орындалуы талап етілді. Әдептілік, ізеттілік ережелерін қамтитын арнайы жинақтар шығарыла бастады.

"Жалғыз қаздың үні шықпас, Жалғыз қыздың мұңы шықпас" деген мақалдың шығуына мұның шаға алмай, тағдырдың дегеніне көнген арулардың қайғы-қасіреті себеп болған тәрізді.

Үй-жайға, отбасына қатысты ММ-дердің этнолингвистикалық уәжі.

Қай халық болмасын, адамзат үшін үйдің алатын орны ерекше. Зерттеу барысында осы тақырып аясына жататын ММ-дердің екі тілде де көптеп кездесетіндігі байқалды. Мысалы, ағылшындар *"My house is my castle"* (с.с.а.: Өз үйім - қорғаным) десе, қазақ халқы *"Өз үйім-өлең төсегім"* деп, оған бейнелі түрде ерекше сипат береді. Жалпы алғанда, қос тілдегі ММ-дер арқылы берілетін негізгі ой біреу, яғни адамның үйіне деген ыстық сезімі мен үйдің адам өмірінде алатын орны. Бірақ осы ой ағылшын және қазақ мақалында сол халықтың әдет-ғұрпына, салт-санасына, дүниетанымына байланысты пайымдаулар арқылы берілген.

Уақыт өлшеміне қатысты мақал-мәтелдердің лингвистикалық уәжі.

Бұл тақырыптық топтағы бейнелі орамдар уақыттың көз ілеспес жылдамдығын, оны босқа өткізіп, өмірді өксітпеді, алтын мезетті пайдалы іске арнауды уағыздайды. Мысалы, *"Time is money"* (с.с.а.: Уақыт — ақша); *"Уақыт — білгенге қазына, білмегенге — быламық"*, "Ерте тұрған әйелдің бір ісі артық, ерте тұрған еркектің ырысы артық". Туыс емес екі тілдің бірліктері уақытты ұғымды пайдаланып, тынбай еңбек етсең, мол қазынаға кенелесің деген ұғымды білдіреді. Ағылшын зерттеушілері аталмыш тіркестің казіргі заман ағымына сай келіп тұрғанымен, көненің көзі екендігін ескертеді және оның алғашқы қолданысын біздің жыл санауымыз бойынша 320 жылдардағы Теофрастус (Theophrastus) жазбаларымен ұштастырады.

"There is a time for everything" (с.с.а.: Әр нәрсенің өз уақыты бар). Қазақша баламасы: Сабақты ине сәтімен. Бұл ағылшын мақалы қасиетті кітап Інжілдің *"To everything there is a season, and a time to every purpose under the heaven"*, (с.с.а.: Аспан астында әр нәрсенің, әр мақсаттың өз мерзімі бар) деген өсиет, өнегелерінен ықшамдалып, тұрақты қалыпқа енген. Салыстыра алғанда, уақыт мағыналық өрісіне енетін мақал-мәтелдердің аздау кездесетіндігі анықталды.

Еңбекке қатысты мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық уәжі.

Зерделей қарасақ, мақал-мәтелдер адам баласының бар өміріндегі, тұрмыс-тіршілігіндегі салалардың барлығын дерлік қамтиды екен. Солардың қомақты бір бөлігі — еңбек жайлы мақал-мәтелдер. Мұның сыры еңбектің тіршіліктің негізі, қоғамның, өмірдің қайнар көзі болғандығында болса керек. Мысалы,

«Іске уақыт, ермекке сағат»

«Business before pleasure.

«Еңбек түбі — қуаныш.» ((The end crowns the work»

«Қыс арбаңды сайла, жаз шанаңды сайла» «After dinner comes the reckoning»

«Тамшы тама берсе тас жарады» «Little strokes fell great oaks»

«Еңбекетсең — емерсің» ((Little strokes fell great cars»

«No pains, no gains» «Еңбексіз өнбекжоқ»

((Little strokes fell great darks» ((Еңбек емсең емерсің» «A tree is known by its fruit»

«Еңбегіңе қарай өнбегі».

Көненің көзі іспеттес тұрақты тіркестер тобы келер ұрпақсыз еңбек етпегеннің ішіп-жемей гiнiн түсiндiре келiп, оларды еңбек сүйгiштiкке, адал еңбек етуге баулиды, жалқаулық, бойкүйездiк, жатып iшер арамтамақтықтан бойды аулақ салуға шақырады.

Қонаққа қатысты Мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық уәжі.

Қонақжайлық - қазақ ұлтының сүтімен еніп, сүйегіне сіңген ұлы дәстүрдің бірі. Өткен ғасырда поляк саяхатшысы әрі зиялысы А.Янушкевич "Дүние жүзін қазақ жайласа, жер шарын тегін аралап шығар едім",- деп қазақ халқының қонақжайлылығын риза көңілмен бағалаған екен. Қонаққа қонақ болу үшін оның таныс болуы, міндес, теңдес болуы шарт емес, қонақасыны "бөлінбеген еншім" деп тануының өзі кеңінен таралып, дәстүрге айналған халық жорасының бірден-бір көрсеткіші. Алайда, *A constant guest is never welcome. Бір күнгі қонақ - құт, Екі күнгі қонақ - жұт* тәрізді тұрақты тұлғалар жиі келген келген қонақтың қадірін жоғалтатынын, оған өзі қалағандай құрмет көрсетілмейтінін бейнелі түрде жеткізеді.

Ақша, қаражатқа байланысты мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық уәжі.

Қазақ және ағылшын тілдерінде ақша-қаражат жайлы мақал-мәтелдер де кездеседі. Мысалы, *"Take care of pence and the pounds will take care of themselves"* (с.с.а.: Пенсті үнемдеп ұстасаң, фунт өз-өзін үнемдейді). *«Теңге тиыннан өсер», «Жылқы құлыннан өсер»; «Береке бір тиыннан».* Ағылшындар фунт пэнстен құралады десе, қазақтар теңгенің тиыннан өсетінін ескертеді.

Әр елде ақша өлшемі ретінде қабылданған Ұлттық валютаның атауы әр түрлі болатыны белгілі. Теңге, тиын – қазақ елінің ақша эквиваленті. Сонау VI-VIII ғасырларда ру-ұлыс нышандары айшықталған теңгелердің қолданыста болғаны; Отырар, Тараз қалаларында теңгелер шығарған ұстаханалар жөнінде тарихи деректер бар.

Өнер-білімге қатысты ММ-дің этнолингвистикалық уәжі.

Бұлтоптағы ММ жас ұрпақты білім алып, өмірдің, қоғамның сан алуан тылсым сырларын ашуға, тануға жетелейді. Оқы, үйрен, оқудың ерте-кеші жоқ деп ақыл айта келіп, жас ұрпақты өнер-білім алуға үндейді. Мысалы: *((Knowledge is power» (Білім-күш); «Оқу - білім бұлағы, білім - өмір шырағы».* Ағылшын мақалы білімді күшке теңесе, қазақ мақалы білімді жанып тұрған өмір шырағына, ырыстың қазығына теңейді.

Өмір мен өлімге байланысты ММ-дің этнолингвистикалық уәжі.

Бұл топтағы ММ өмірдің адамға бір-ақ рет берілетінін ескерте келіп, қамшының сабындай қысқа өмірді мәнді де сәнді өткізуге, аруақтарды сыйлауға, қадірлеуге шақырады. Мысалы: *«Speak well of the dead», (Өлгендер жайлы жақсы айт); «Өлі разы болмай, жарлы байымас».*

Табиғатқа, жан-жануарларға қатысты ММ-дің этнолингвистикалық уәжі. Ағылшын тілі ММ-нің алтын қорынан ауа райына, аспан денелеріне, табиғат құбылыстарына қатысты ММ-ді жиі кездестіруге болады.

Шаруаның негізгі тіршілік көзі ауылшаруашылығы болғандықтан, ауа райына тікелей тәуелді. Алар астығының мөлшері мол, баққан малының күйлі, тұрмысы түзу болуын қалаған шаруа ауарайының жанға жайлы, шаруашылыққа қолайлы болғанын тілемей, оған мазасындана алаңдамай, ауарайын ауызға алмай тұра алмайды. Осы жағдай сан ғасыр өтіп, заман өзгеріп, ел эканомикасы қарыштап дамығанымен, ағылшын халқының өзіне тән, қанына сіңген әдет-ғұрпының біріне айналғанға ұқсайды. Мысалы: «*If it does rain on St. Michael and Gallus, the following spring will be dry and propitious*». (Қасиетті Майкл мен Галлус күні жаңбыр жауса, келер көктемде ауа райы құрғақ және шаруашылыққа қолайлы болады).

Аспандағы құбылыстарды зерттеу арқылы ауа райын болжайтын да жағдайлар кездесіп қалатын. Мысалы: «*Red sky at night, Shepherd's delight; Red sky in the morning, Shepherd's warning*») (Түнгі қызыл аспан - шопанның қуанышы, таңғы қызыл аспан - гнопан уайымы) [5,198б.].

Діни мифологиялық наным-сенімге байланысты ММ-дердің этнолингвистикалық уәжі.

Ағылшын және қазақ тілдерінде наным-сенімге байланысты мақал-мәтелдер де кездеседі. Мысалы, ағылшын тіліндегі *"God helps those WHO help themselves"* (с.с.а.: Өзіне өзі көмектескендерге құдай да жәрдемдеседі) тіркесінің шығу төркінін біздің жыл санауымызға дейінгі 570 жылы жазылған "Геракл және күймеші" атты Эзоптың (Аезор) аңыз әңгімесімен байланыстырамыз. Мифтік әңгіменің жалпы мазмұнына келер болсақ, күймесі батпаққа батып тұрып қалған күймеші оны шығаруға талпыныс жасамастан, көмекке күдіретті де күшті Гераклді шақырады. Адамның бұл қылығына қатты ашуланған Геракл: "күйменің доңғалағының артына иығыңды тіреп итер де, өгізінді алға айда" дейді және алдағы уақытта еш әрекет қылмастан өзін шақыруға қатаң тыйым салады. Осы ой түйіні XVIII ғ. дейінгі әдебиеттерде әр түрлі жолдармен берілген. Мысалы, Дж.Барэт (John Barei) "An Atyearie" (1580) атты еңбегінде: *"God helps those in their anaire, which are industrious"* (с.с.а.: Құдай еңбек сүйгіштерге көмектеседі) десе, Дж. Херберт (G. Herbert) "Jacula Ptudentum" деген шығармасында *"Help thyself and Got will help thee"* (с.с.а.: Өзіңе өзің көмектес, сонда сондай да жәрдем береді) деп, сәл түрлендіре қолданған.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі наным-сенімге, оның ішінде, жаратқан не, Алла тағалаға қатысты ММ-дерді салғастыра зерттей отырып, олардың семантикалық жағынан өзара сәйкес келетіндігі анықталды. ММ-дер арқылы берілетін ойдың өзара өзектесіп, астасып келу себебін әртектер тілдер өкілдерінің өмір сабағының, ғасырлар бойғы тіршілікте көзі жетіп, көкейіне түйген тәжірибе жиынтығының ұқсастығымен ұштастырамыз.

Кос тілдегі бейэквивалентті ММ-дің этнолингвистикалық уәжі.

Ағылшын және қазақ тілдеріне ғана тән, өзге тілде баламасы жоқ түрі кездеседі. Аталмыш тұрақты тіркестердің басқа тілдік бірліктермен салыстыра алғанда, сандық көрсеткішінің, кездесу жиілігінің төмендігі байқалады. Мысалы, «Жеті атасын білмеген, жетімдіктің салдары». Қазақ жеті атасын білмегенді жетесіз деп, ол адамға үлкен мін таққан. Жеті атаға дейін қыз алып, қыз беріспейді. Мұндай шартты бұзған кісі әдепсіз деп танылса, ертеректе қатаң жаза қолданған.

«*People who live in glass houses shouldn't throw stones*» (Әйнектен жасалған үйде тұратын адамдар тас лақтырмауы тиіс). Негізінде бұл мақал «*Өзің сол дәрежеде тұрып, басқаға сын айтпа*» деген ұғымды білдіреді [6,10б.].

Қорыта айтқанда, ұлт тарихы мен мәдениет, менталитеті, бітім-болмысы, күллі философиясы өнінде жан-жақты ақпарат беретін лингвокультуремалардың санатындағы ММ ұлт тілі мен мәдениетінің өзара байланыстылығын, тұтастығын айқандайтын ерекше қабат болып табылады. Тілдік бірліктегі тасаланған мәдени түпдеректер ішкі формаға аялық білім, эталон, стереотиптер арқылы айқындалады.

Мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық сипаты анықталды, дәлірек айтқанда, мақал-мәтелдердің мағыналарының қалыптасуындағы уәждеріне тоқталдық. Этнолингвистика ғылымының бастау алуы, қалыптасу кезеңдері, қазақ және ағылшын тіл білімінде зерттелуі де қарастырылды. Әрбір этнолингвистикалық уәжге екі тілде салғастыра отырып, мысалдармен көрсетілді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ағылшын-қазақ мақалдарының этнолингвистикалық ерекшеліктері//Мир языка. "Аударманың көкейкесті мәселелері" атты халықаралық ғылыми конференция материалдары. Алматы, 2001.- 4696.
2. Қазақ мақал-мәтелдерінің этнолингвистикалық сипаты //Вестник КазНУ им. Аль. Фараби. Серия филологическая. Алматы, 2003.-5156.
3. Қазақ мақал-мәтелдерінің жасалуындағы этнолингвистикалық уәждері//Түркітану мәселелері: бүгінгі мен болашағы. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Алматы: Қаз. мем.қыздар педагогика институты, 2001.-6906.
4. Гендерлік қатынасқа байланысты мақал-мәтелдердегі этнолингвистикалық мотивтер // Тіл тағлымы. Алматы, 2003.- 4786.
5. Табиғат құбылыстарына байланысты ағылшын және қазақ мақал-мәтелдері // Поиск-Изденис. Серия гуманитарная. Алматы, 2003.-3006.
6. Р.К. Атаханова. Туыс емес тілдердегі мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық сипаты: Филол. канд. дис....автореф. - Алматы, 2005.- 1006.

ӘОЖ 378.24

<https://doi.org/10.53355/p1010-7360-4063-f>

**ҮШТІЛДІЛІК ЖАҒДАЙЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ
ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Аппасова А.Ж., магистр

"Мектепке дейінгі шағын орталығы бар №9 орта мектеп" КММ, Талдықорған қ.

E-mail: avossappa@mail.ru

Мәдениетаралық қарым-қатынас саласындағы жаһандық өзгерістермен сипатталатын әлемдік қоғамдастық дамуының қазіргі кезеңі тілдік білім берудегі бағдарлардың өзгеруін анықтайды, олардың негізгісі студенттердің мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыру болып табылады. Қазіргі білімнің алдында әртүрлі мәдениеттердің өзіндік ерекшелігін түсінетін және бағалайтын, мәдениетаралық қарым-қатынасқа дайын және қазіргі әлемнің шындықтарында басқа ұлт өкілдерімен өзара түсіністік пен ынтымақтастықта өмір сүре алатын жаһандық бағдарланған тұлғаны қалыптастыру міндеті тұр.

Тірек сөздер: мәдениетаралық құзыреттілік, үштілді білім беру, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыру

Современный этап развития мирового сообщества, характеризующийся глобальными изменениями в сфере межкультурной коммуникации, определяет смену ориентиров в языковом образовании, главным из которых является формирование межкультурной компетенции учащихся. Перед современной школой стоит задача формирования глобально ориентированной личности, понимающей и ценящей уникальность разных культур, готовой участвовать в межкультурном общении и способной жить во взаимопонимании и сотрудничестве с представителями других национальностей в реалиях современного мира.

Ключевые слова: межкультурная компетенция, трехязычное образование, информационно-коммуникационные технологии, формирование межкультурной компетенции.

The current stage of development of the world community, characterized by global changes in the field of intercultural communication, determines the change of guidelines in language education, the main among which is the formation of intercultural competence of students. The modern school faces the task of forming a globally oriented personality that understands and